



А.Ж. Урқимбаева
«24» «12» 2022 ж.

Аттестацияға дайындық, аттестаттау ұсыныстарын орындау жұмыс жоспары

№	Өткізілетін шаралар	Уақыты	Жауаптылар
1.	Педагог қызметкерлер (кезекті және мерзімінен бұрын) кесте бойынша аттестациядан өткізілетін Қағидалары және Ережелерімен таныстыру (ҚР Білім және ғылым министрлігінің 12.11.2021ж. №561 бұйрығы)	25 мамырға дейін	Менгеруші Әдіскер
2.	Барлық аттестаттаудан өтетін педагогтарға: Аттестаттау мынадай кезендерді қамтиды: 1) Біліктілік тестілеуі; 2) эссе; 3) біліктілік бағалауы; 4) қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау; Біліктілік тестілеуінің нәтижесі – осы Қағидалардың 6-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Біліктілік тестілеуінен өткені туралы сертификат педагогтің жеке кабинетіне жолданады. Тестілеу аяқталған соң педагог эссе жазады. Берілетін уақыт – 30 минут. Қолданылатын сөз саны – 250-300 сөз. Жыл сайын эссе тақырыбын білім беру саласындағы уәкілетті орган анықтайды. Жазылған эссе педагогтің жеке кабинетінде ngt.testcenter.kz сілтемесі бойынша көрсетіледі. Жазылған эссе педагогтің жеке кабинетіне жолданады. Біліктілік тестілеуінің нәтижелері бойынша педагогтің өтініші негізінде (қолданыстағы санат мерзімі өткенге дейін) және біліктілік бағалауынан кейін одан әрі аттестаттау рәсімі жүргізіледі: Қағидалардың 3-тарауына сәйкес қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау. Педагогтерді аттестаттау бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін жеке тұлғалар Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша: - қала білім бөліміне; - «Азаматтарға арналған үкімет» Мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы арқылы; - egov.kz. «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы өтініш ұсынады. Өтініш № 338 бұйрықпен бекітілген біліктілік талаптарына сәйкес санаттың өту мерзімдері мен кезектілігін сақтай отырып беріледі.	Біліктілік тестілеуі білім беру саласындағы уәкілетті орган аяқтандаған мерзімде педагогтің өтінішіне сәйкес өткізіледі. Эссе тестілеу аяқталған соң педагог жазады	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық тестілеу орталығы Сараптама кеңесі жылына екі рет (ағымдағы жылдың 5 мамырына және 5 қарашасына дейін) Қалалық аттестаттау комиссиясы Ағымдағы жылдың 5 маусымына және 5 желтоқсанына дейін

	«Педагогтерді аттестаттаудан өткізу үшін құжаттар қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметін қалалық білім бөлімі көрсетеді. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі Қағидаларының 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген. Аттестаттау комиссия қызметтің нәтижелерін кешенді талдамалық қорытындылау үшін ұсынылған материалдарды Қағидаларының 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша біліктілік санаттарын беруге (растауға) педагогтің портфолиосын Сараптама кеңесінің қарауына жібереді Сараптама кеңесінің ұсынымдарын қарағаннан және алғаннан кейін аттестаттау комиссия педагогтердің портфолиосын қарайды және мынадай шешімдердің бірін шығарады: - өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келеді; - өтініш берілген бір деңгейге төмен біліктілік санатына сәйкес келеді; - «педагог» біліктілік санатына сәйкес келеді (өтініш берілген біліктілік санаты сәйкес келмеген кезде); - өтініш берілген біліктілік санатына сәйкес келмейді.		
3.	Комиссияның шешімі Қағидаларының 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамамен ресімделеді.	Аттестаттаудан өткен педагогтердің тізімі аттестаттауды өткізген мемлекеттік органның немесе білім беру ұйымының Интернет-ресурсында жарияланады	Қалалық білім бөлімінің, облыстық білім басқармасының аттестаттау комиссиялары